

9. Алимжанов А. «Народу нужен шанс»// «Комсомольская правда», 27 сентября 1990 г.
10. Газета «Вечерняя Алма-Ата» от 23 сентября 1992 г.
11. Газета «Казахстанская правда» от 26 марта 1992 г.
12. Срыбных «ответ на исповедь моралиста» // газета «Казахстанская правда», 12 июня 1992 г.
13. Газета «Вечерняя Алма-Ата» от 23 сентября 1992 г.
14. Гумеров Машкар «Біз «русскоязычный» емесіліз. Бұлай деуі - корлагандары» // газета «Егеменды Казахстан». 29 августа 1992 г.
15. Почему власть Казахстана фактически игнорирует казахский язык? // газета «Общественная позиция», posit.su, - 7 мая 2009
16. Шустов А. Как это будет по-казахски? Полный перевод делопроизводства на казахский язык может стать причиной отъезда русских из страны // Столетие.Ru, 24 сентября 2009. - Постоянный адрес статьи - <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1254082500>.
17. Гумеров М. «Біз «русскоязычный» емесіліз. Бұлай деуі - корлагандары» // газета «Егеменды Казахстан». 29 августа 1992 г.

Бұл мақалада мемлекеттік тіл мәселелерін дамыту саясатының Қазақстанда басталуы мен қалыптасуы және де оның баспасөз беттерінде жазытуы жайында сөз көзделді. Бостандықтың алғашқы жылдарынан бастап баспасөз беттерінде үлттаралық қалынастар, үлттық мектептер анытуы, мемлекеттік тіл мәселелері жайында көптеген мақалалар жарық көріп, халықтың сана-сезімінің оянуына, үлттық саясатты мемлекеттік деңгейде жүргізуге көп ықпал жасайды.

The significant component of the nation's culture is its language. That is why language policy is becoming the key issue in the process of creation the real independence for the nation. The problems of newspapers that have been publishing in Kazakh language are considered in this paper. The author raises the aspects of law fulfillment and searching other solutions for saving and development Kazakh newspapers and electronic mass media in the state's language.

ӘОЖ 378.147-811.512.122

Қажғалиева А.М.
*С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың
аға оқытушысы*

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ФЫЛЫМИ ІЗДЕНИСТЕР

Инновациялық технологиялардың көптігі бір жағынан екінші мәселені де туындалады, яғни оның көп қырлы әдістерін білім беру үдерісінде қалай қолдану қажеттілігі. Өкінішке орай, инновациялық технологияларды енгізуде қарама-қайшылықтар да орын алады. Біріншіден, теориялық әдістемелік талдамалардың жеткіліксіздігі,

екіншіден, оның тәжірибеде қолдану негізdemесінің жетіспеушілігі және технология нәтижесінің аздығы. Осыған байланысты шебер, ізденімпаз әдіскерлердің мақсаты - инновациялық технологиялардың әр түрлі аспектісін қарастырып, нәтижесінде білім беру үдерісінің басты мақсатын, бағытын жүзеге асыруға тірек болатын оқытудың кешенін құрып, ойлау қабілеті жоғары, жан-жақты дамыған, шығармашылық ізденісі бар жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі кезде қолданыстағы жаңа технологиялардың ішінде кең тарағаны: дамытушы, интерактивті, модульді, проблемалық және т.б.

Солардың бірі - қазіргі кредиттік білім беру жүйесіне сәйкес, соңғы жылдары жоғарғы оқу орнында танымал модульдік оқыту технологиясы.

Модульдік оқыту дегеніміз – қазақ тілінде өзара тілдік катынасқа тұсу дағдысы мен іскерлігін сапалы қалыптастыру мақсатында жұмсалатын оқытушы мен студенттің, студент пен студенттің, оқытушы мен оқу тобының жасырын ішкі күші мен біртұтас әрекетінің белсенділігін арттыруға негізделген оқыту.

Модульмен оқыту жүйесі классикалық және қазіргі жаңа әдістерді қоса оқытуды талап етеді.

Модульдік технология әдісі бойынша әр сабакта тек жаңа акпаратты игеру емес, сонымен қатар қабылдаған акпаратты өндөу ептілігі мен дағдылары қалыптастырылады.

Модульдік технология оқу пәнін ірі тарауларға (модуль) бөлінуін, сонымен қатар әр тараудың мазмұны, білімі және ептілігі анықталып, сол модульді менгеруге қажетті, бақылау және орындалған жұмыс туралы есеп беру әдістерін қарастырады, атап айтқанда: дәріс (жаңа материалды менгеру сабағы), семинар, практикалық сабак (білім, ептілік дағдыларын жетілдіру), коллоквиум, зачет (бақылау жұмысы, бағалау сабактары), рефлексия (оқу материалының мағыналылығын түсіну деңгейін жоғарылататын студенттердің оқу іс-әрекеті компоненттерінің бірі). Сонымен, оқу процесін модульдік принцип негізінде ұйымдастыру дегеніміз – ол оқу жылын бес оқу модульге бөлу. Оқу модулі - ол оқу жылының құрылымдылық бөлігі (7 апта).

Модульде оқу уақытының басым бөлігі студенттердің өз бетімен жұмыс істеуіне жұмсалады, алайда олардың білімдері күнделікті бақылау, тексеру (ағымдық бақылау) әдістері арқылы

анықталып тұрады. Күнделікті бақылау нәтижесінде, пән бойынша рейтинг және аралық бақылау (рубеждік бақылау) жүргізіледі.

Модульдік технология жұмысына қойылатын бірыңғай талаптар әр тақырып бойынша актуалдану модулі, теориялық модуль, практикалық модуль, қателер модулі, тексеру модулі, технологиялық карта модульдердің болуы қажет.

Қазақ тілін тілдік емес аудиторияда оқытуда модульдік технология элементтерін қолданудың артықшылықтары біріншіден, білім деңгейі әр түрлі студенттермен жеке тұлғалық жұмыс үйымдастыру жүйесін (практикалық модульдер білім деңгейі әртүрлі студенттермен жұмыс) жүргізуге бағытталады. Екіншіден, оку үдерісінде студенттің әр деңгейлі жұмыстарды таңдауға мүмкіндігі бар. Үшіншіден, технологиялық картада күрделі тапсырмаларды кірістіру арқылы оку үдерісінің тиімділігі жоғарылайды.

Модульдік технологияны қолдану – оқытушы мен студенттердің құзыреттілігінің өсуіне әкеледі, өйткені қазақ тілін тілдік емес аудиторияда оқытып үйретудің дәстүрлі әдістері жоғарыдағы сұраныстарға жауап берे алмайды.

Тәжірибе көрсеткіштерінен байқағанымыз, модульдік технология жаңа және қалыптасқан дәстүрлі әдістерді сабактастырып қолдануымен қызықты әрі тиімді. Модульдік оку технологиясымен бірге деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану да көптеген жетістіктерге әкелуде.

Деңгейлеп оқытудың талаптарына сай оқылымға берілетін мәтіндер ірікте, үйге және жеке оқуға берілетін мәтіндер жіктеліп алынуы қажет. Мәтіндер қазіргі әдеби шығармалардан, классикалық әдебиеттерден, ғылыми макалалардан алынуы керек. Қарапайым мәтіннен күрделі мәтіндерге ауысу баспасөз материалдары негізінде жүзеге асырылады. Деңгейлік оқыту студенттердің жазылым дағдыларын қалыптастыруға негізделеді. Жазылым жұмыстары студенттің қоршаған ортасын сипаттаудан басталады. Оқиға, адамдар және оқиғалар туралы ауызша сипаттағанын жазбаша қатесіз жазуға үйретеді. Жазба жұмыстарының түрлерін әрі қарай күрделендіруге болады. Эссе, шығарма, шағын макала жаза алады. Деңгейлік оқыту тілді қолдану жағдаятын бейнелейтін оқытудың жаңа технологияларын қолдануды талап етеді. Бұларды шетелдік әріптестер белсенді әдістер деп атайды. Оларға жобалау технологиясын, нақты сөйлеу

жағдаяттарында үйрету кешенді көшірме (глобалды симмуляция) әдістерін жатқызуға болады.

Ғалымдар Ф.Оразбаева және Р.С.Рахметованаң пікірлері бойынша қазақ тілі сабағында компьютерлік технологияны колдану студенттердің сабакқа деген қызығушылығын арттырады. Нашар оқитын окушының өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады. Тілдің салаларын өту кезінде бір жүйеге құрылған тапсырмаларды пайдалануға болады. Тест тапсырмаларын компьютер арқылы беріп, білімдерін тексеруге болады. Компьютер окушының ақыл-ойын дамытумен бірге, өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады [2,88].

Жоғарыда айттылған технологияларды қолданумен қатар, қазақ тілін сапалы оқыту бағытын айқындайтын жаңа жолдардың бірі – қазақ тілін «кейс» әдісі арқылы оқыту. Кейс технологиясы XX ғасырдың басында Америкада енгізілді. Қазіргі кезде кейс әдісін педагогикалық үрдісіне енгізуді Л.Барис, В.Ясвин, К.Кристенсен, М.Коротков және т.б. ғалымдар қарастыруда.

«Кейс» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «жағдаят, іс, жағдай» деген мағынаны білдіреді. Ал енді, кейс әдісінің методологиялық анықтамасына тоқталсақ:

Кейс - ол тек қана жай жағдаяттарды баяндау емес, ол жағдаяттарды түсіндіруге арналған біртұтас ақпараттық кешен. Өйткені, дұрыс жасалған кейс студенттердің ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кейс әдісінде студенттердің алдын-ала құрастырылған жағдаяттарды талдауына және сол жағдаятқа өзіндік баға беруіне, пікір айтуына, яғни ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға назар аударылады. Кейс әдісін қолданған сабактарда топтар бірнеше шағын топтарға бөлінеді. Әр топқа сарапшы тағайындалады. Сарапшы студенттердің жауаптарына қорытынды жасайтын және жақсы оқитын студенттер ішінен басқалары жауап таба алмай жатқанда, көмек беруші студенттер тағайындалады. Сонымен қатар, айттылған пікірлермен келіспейтін қарсы сұрақ қоюышы таңдалады. Бұл сұрақтарға жауап беру арқылы студенттер өз пікірлерін дәлелдеуге үйренеді. Оқытушы мұндай сабакта тек бағыт беруші қызметін атқарады.

Кейс сабактары студенттерді қызықтыруға, олардың диалогтық және монологтық сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Мысалы, бірінші сабактың мақсатына сәйкес мәселе қойылады және түсіндіріледі, ал студенттер сол мәселе бойынша өз ойларын жазып, топ ішінде талқылап, қорытынды шығарады. Сонымен

катар, студенттер басқа топтарды өз ойларымен таныстырып, пікірлерін дәлелдейді. Кейстер диаграмма, кесте, фото түрінде дайындалып, баспа түрінде, мультимедиялық, бейне таспа және басқа формаларда берілуі мүмкін.

Мысалы, компьютерлік жүйелер факультетінің студенттерімен «Жаңа технологиялар» мәтінін өткенде, мынадай проблеманы шешуді ұсындық: технологиялардың артықшылығы мен зияны. Әр топ мәселені өздерінше шешуге тырысты. Бірінші топ мәтін құрастырып, екінші топ кесте арқылы ойларын жеткізді. Кейс технологиясының ұтымды жақтарын ажыратсақ:

1. студенттер өзіндік пікір айтуға дағдыланады;
2. ауызша сөйлеу дағдылары мен мәтін құрастыру біліктері дамиды;
3. мәселелерді өз бетімен шешуге тырысады және шығармашылық қабілеттері дамиды.

Демек, кейс әдісі интерактивті оқыту технологиясы ретінде педагогикалық басқарумен студенттердің өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға арналған. Сонымен қатар, ол - орыс тілді студенттердің ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды, сабакқа деген қызығушылығын арттыратын инновациялық жүйе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаксылыкова К. Қазақ тілін орыс тілі бөлімдерінде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. Алматы, 2000.
2. Ф.Ш.Оразбаева, Р.С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оку құралы.А., 2005.
3. Педагогические технологии. Под ред. В.С.Кукушина, М., 2004.
4. Методические рекомендации по составлению кейсов. Ескендиев Ш, Усенкулов Ж. и др. Ш., 2005.

В статье рассматриваются проблемы использования интерактивных методов в обучении казахскому языку студентов неязыковой аудитории.

This article reviews the issues of teaching the kazakh language to students -non-native speakers.